

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру жүйелерін ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 мамырдағы N 526 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2007 жылғы 22 қарашада Ашхабад қаласында қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру жүйелерін ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру жүйелерін ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру туралы келісім

(2008 жылғы 13 шілдеде күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2008 ж., N 4, 20-құжат)

Ресми расталған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

1992 жылғы 15 мамырдағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің және 1997 жылғы 17 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (жалпы) білім беру кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін назарға ала отырып,

білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың өсе түскен рөлін ескере отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру ресурстарын интеграциялауға келісілген тәсілдерін пысықтауда одан әрі өзара іс-әрекеттерін үйлестіру мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің білім беру жүйелерін ақпараттандыру - барлық білім беру жүйесін ақпараттық қоғамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келтіру;

қашықтықтан білім беру технологияларының мемлекетаралық желісі - құжаттары белгіленген тәртіппен Тараптарда танылатын ұйымдарды және олардың жеке

құрылымдық бөлімшелерін, сондай-ақ кез келген деңгейдегі білімнің қашықтықтан білім беретін технологиялары арқылы білім алатын білім алушыларды біріктіретін желі

2-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (жалпы) білім беру кеңістігін қалыптастыруды ескере отырып, білім беру жүйелерін ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды орындауды, жобаларды дайындауды және іске асыруды үйлестіреді.

3-бап

Тараптар ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, қашықтықтан білім беру технологияларын және осы негізде бірлестіктер мен осындай ұйымдардың желілерін Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары арасындағы тікелей ынтымақтастықты ұйымдастыру және өзге де қолдау әрі дамыту жөніндегі шараларды келіседі.

Тараптар ТМД шеңберінде әрекет ететін тиісті халықаралық шарттар негізінде және ұлттық заңнамада белгіленген тәртіппен Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында Тараптардың басқа мемлекеттердің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыруға ықпал етеді.

4-бап

Тараптар білім беру жүйелерін ақпараттандыру саласындағы ақпараттық материалдармен, зерттеулердің нәтижелерімен алмасуға және талаптарды білім беруді ақпараттандыру саласындағы стандарттарға үйлестіру саласындағы үйлестіруге жәрдемдеседі.

5-бап

Тараптар білім беруді ақпараттандырудың міндеттерін шешуге бағытталған бірлескен жобалар мен жұмыс топтарының қызметін іске асыруға жәрдемдеседі.

Тараптар оқу, әдістемелік және өзге де материалдармен алмасу кезінде, сондай-ақ ақпаратты пайдалану кезінде халықаралық шарттарды және өз мемлекеттерінің зияткерлік меншікті, авторлық және аралас құқықтарды қорғау туралы ұлттық заңнамалық актілерін басшылыққа алады және қашықтықтан білім беру технологиялары ұйымдарының мемлекетаралық желісіндегі тиісті ақпараттардың қорғалуын ұйымдастырады.

6-бап

Тараптар қашықтықтан білім беру технологияларының мемлекетаралық желісі шеңберінде барлық деңгейдегі жалпы орта және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру саласындағы мамандар даярлауда, олардың біліктілігін арттыруда және қайта даярлауда қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға ықпал етеді.

7-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға берген күнінен бастап күшіне енеді.

Көрсетілген рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті құжаттарды депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге қатысты даулар мен келіспеушіліктер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен шешіледі.

10-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы әрекет етеді және егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылатын болады.

11-бап

Әрбір Тарап болжамды шығу күніне дейін кемінде 6 ай бұрын депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып және осы Келісім қолданылған уақытта туындаған міндеттемелерді реттей отырып, осы Келісімнен шыға алады.

12-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты тапсыру жолымен ТМД-ға қатысушы кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

Қосылушы мемлекеттер үшін Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2007 жылғы 22 қарашада Ашхабад қаласында бір түпнұсқада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Түрікменстан Республикасының

Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Үкіметі үшін